

"Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 16-07/332 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 15 маусымдағы № 258 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 9 шілдеде № 17160 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 16-07/332 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9639 болып тіркелген, 2014 жылғы 2 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және өткізу қағидаларында:

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары-Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

Ө. Шөкеев

Қазақстан Республикасы
Премьер – Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2018 жылғы
15 маусымдағы № 258 бұйрығына
қосымша
Жануарлардың аса қауіпті
ауруларына қарсы
ветеринариялық іс-шараларды
жоспарлау және өткізу
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

бірінші бөлігі / часть первая	екінші бөлігі / часть вторая
Жануарлардың алынған қан сынамалары бойынша №____ тізімдемесі	(сараптама актісінің (сынақ хаттамасының) күні, нөмірі/ дата, номер акта экспертизы (протокола испытания))
Опись животных по взятым пробам крови №____	Жануарлардың алынған қан сынамалары бойынша №____ тізімдемесі
Жануар түрі / Вид животных _____	Опись животных по взятым пробам крови №____
Аурудың атауы / Название болезни _____	Жануар түрі/Вид животных _____
Бас саны/Количество голов _____	Аурудың атауы/Название болезни _____
оның ішінде	Бас саны/Количество голов _____ оның ішінде жануарлардың
жануарлардың жыныстық-жастық тобы бөлінісінде/ в том числе в разрезе половозрастная группа животных	жыныстық-жастық тобы бөлінісінде/ в том числе в разрезе половозрастная группа животных

_____	_____	_____	_____
(жануарлардың жыныстық-жастық тобы (бас саны/количество голов)	(жануарлардың жыныстық-жастық тобы (бас саны/количество голов)	(жануарлардың жыныстық-жастық тобы (бас саны/количество голов)	(жануарлардың жыныстық-жастық тобы (бас саны/количество голов)

наименование половозрастной группы)	наименование половозрастной группы)	наименование половозрастной группы)	наименование половозрастной группы)
_____	_____	_____	_____
(жануарлардың жыныстық-жастық тобы (_____ бас саны/количество го л о в) наименование половозрастной группы)	(жануарлардың жыныстық-жастық тобы (_____ бас саны/количество го л о в) наименование половозрастной группы)	(жануарлардың жыныстық-жастық тобы (_____ бас саны/количество го л о в) наименование половозрастной группы)	(жануарлардың жыныстық-жастық тобы (_____ бас саны/количество го л о в) наименование половозрастной группы)

№	жануар іесінің атауы немесе аты, әкесінің аты (_____ бар болса), тегі/ наименование или фамилия, имя, отчество (при наличии) владельца животного	бірдейлендіру нөмірі / идентификационный номер	жануарлардың жыныстық-жастық тобы / половозрастная группа животных	жануардың жасы / возраст животного	зерттеудің жиілігі/ кратность исследований	№	жануарлардың жыныстық-жастық тобы / половозрастная группа животных	реакцияның атауы / наименование реакции

Мөр (бар болса) орны/Место печати (при наличии) Мөр (бар болса) орны/Место печати (при наличии)

(ветеринария саласындағы мамандардың лауазымы, аты, әкесінің аты болса), тегі, қолдары / должность, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолдары / фамилия, имя, отчество (при наличии), подписи специалистов в области ветеринарии) должность, фамилия, имя, отчество (при наличии), подписи специалистов в области ветеринарии)

(тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы, / должность, фамилия, имя, отчество (при наличии), подпись государственного ветеринарно-санитарного инспектора соответствующей административно-территориальной единицы) (тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы, / должность, фамилия, имя, отчество (при наличии), подпись государственного ветеринарно-санитарного инспектора соответствующей административно-территориальной единицы)

Ескерту / Примечание:

1. Жануарлардың алынған қан сынамалары бойынша тізімдемесі диагностикалық зерттеулер жүргізу үшін ветеринариялық зертханаға жолданатын жануардың әр түріне, жануарлар ауруының түріне жеке-жеке жасалады / опись животных по взятым пробам крови составляется отдельно по каждому виду животного, виду болезней животных, по которому направляется в ветеринарную лабораторию для проведения диагностических исследований.

2. Қан сынамаларын қабылдау мен тіркеуді жүзеге асыратын ветеринариялық зертхана маманы екінші бөлігін қиып алады және ветеринариялық зертханада қалдырады, зерттеу аяқталғаннан кейін сараптама актісімен (сынақ хаттамасымен) бірге ветеринар дәрігерге береді, ал көшірмесін ветеринариялық зертханада қалдырады / часть вторая отрывается специалистом ветеринарной лаборатории, осуществляющим прием и регистрацию проб крови и остается в ветеринарной лаборатории, после завершения исследования вместе с актом экспертизы (протоколом испытания) передается ветеринарному врачу, а копия остается в ветеринарной лаборатории.

3. Бірінші бөлігі қан сынамаларын жеткізген тұлғаға қайтарылады / часть первая – возвращается, лицу, доставившему пробы крови.

4. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасы бойынша жануарлар басы туралы мәліметтердің сәйкестігін; үйірдегі, табындағы, отардағы, шаруашылық жүргізуші субъектідегі және жануарлардың басқа да топтарындағы бар жануарлар басын қамту және бір уақытта зерттеулер жүргізу мақсатында алынған қан сынамалары санының жануарлар басымен (үйір, табын, отар, шаруашылық жүргізуші субъект және жануарлардың басқа да топтары) сәйкестігін бір жұмыс күнінен аспайтын уақыт ішінде растайды жануарлар ауруларының түріне және " Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 7-1/587 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11940 болып тіркелген) қағидаларда (бұдан әрі-Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар) көзделген диагностикалық зерттеулер жиілігіне байланысты / государственный ветеринарно-санитарный инспектор соответствующей административно-территориальной единицы по базе данных по идентификации сельскохозяйственных животных подтверждает в течение не более одного рабочего дня соответствие сведений о поголовье животных; соответствие количества взятых проб крови с наличием поголовья животных (гурт, стадо, отара, хозяйствующий субъект и другие группировки животных) с целью обеспечения охвата и одновременного проведения исследования имеющегося поголовья животных в гурте, стаде, отаре, хозяйствующем субъекте и других группировках животных (зависит от вида болезней животных и кратности диагностических исследований, предусмотренных в "Об утверждении Ветеринарных (ветеринарно-санитарных) правилах" утвержденных приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 29 июня 2015 года № 7-1/587 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 11940) (далее- Ветеринарные (ветеринарно-санитарные) правила).

5. Алынған қан сынамалары бойынша жануарлар тізімдемесі бір данада ұсынылады. Microsoft Excel форматындағы алынған қан сынамалары бойынша жануарлар

тізімдемесінің электрондық нұсқасы ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосының тиісті аумақтық бөлімшесінің және ветеринариялық зертхананың сынама қабылдайтын бөлімінің (бөлімшесінің) электрондық мекенжайына жолданады /
 Опись животных по взятым пробам крови предоставляется в одном экземпляре. Электронная версия описи животных по взятым пробам крови в формате Microsoft Excel направляется на электронный адрес соответствующего территориального подразделения ведомства уполномоченного органа в области ветеринарии и отдела (подразделение) приема проб ветеринарной лаборатории.

6. Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалармен бекітілген індеттер бойынша ветеринариялық іс-шараларда қарастырылған диагностикалық зерттеулерде жануардың жастық-жыныстық тобы жеке көрсетіледі/отдельно по половозрастным группам указанных диагностическими исследованиями предусмотренных ветеринарными мероприятиями по болезням утвержденным Ветеринарными (ветеринарно-санитарными) правилами.

7. Ірі қара малдың төлдеріне және аталық қошқарларға қан сынамаларын алу тізімі жеке-жеке жасалады/намолодняк крупно-рогатого скота и барано впроизводителей отдельно составляется опись взятия крови.

№ _____ (жануарлардың алынған қан сынамалары бойынша тізімдемесі)/ (опись животных по взятым пробам крови)	№ _____ (жануарлардың алынған қан сынамалары бойынша тізімдемесі) / (опись животных по взятым пробам крови) _____ (сараптама актісінің (сынақ хаттамасының) күні, нөмірі/ дата, номер акта экспертизы (протокола испытания))
--	---